

## ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ КӨПМӘДЕНИЕТТІЛІК ЖӘНЕ МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Тауекелова Жұлдызай

[ztauyekelova@list.ru](mailto:ztauyekelova@list.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Халықаралық қатынастар  
факультетінің 1 курс студенті, Нұр-Сұлтан қ. Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Ә.Қ.Мүтәлі

Өркениет өркен жайған өскелең дәуірде саналы да сындарлы уақыт кеңістігінде заманға сай озық идея ұсыну бәсекеге қабілетті болу қажеттілігі туындап отыр. Бұл мақалада көпмәдениеттіліктің жаһандану дәуіріндегі көріністері әрі саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани негіздері, әлемде және отанымыз Қазақстандағы дамуы қарастырылады. Жаһандық үдерістің қазіргі таңда қоғамда қарқынды өріс алып келе жатқаны аян. Бүгінгі әлем - тұтас мемлекеттердің, мәдениет пен экономикалардың интеграциялы үдерісі, олардың жиынтығы жаһандық қауымдастықты қалыптастырып жатыр.

Көпмәдениеттіліктің мәнін жете түсініп талдау кезінде оның қазіргі Қазақстандағы тарихи және мәдени құндылықтық-этикалық қырлары бейнеленіп, бұл құбылыстың еліміздің ілгері дамытуға ықпал ететіні дәйектелгені рас. Бұған дәлел ретінде, Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың өткен жылдарда «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы қоғамдық талқыға тың өзгеріс бере отыра, 2017 жылдың сәуірдің 12 жұлдызында «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарлама негізіндегі мақалада ұлттық болмыстың өзегін сақтай отыра, ұлттық сананың көкжиегін ашу жолдарын көрсетті [1].

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы перспективті жобалары концептуалды сараланды. *Нәтижесінде*, көпмәдениеттіліктің қазіргі еліміздің алға қозғаушы бірден – бір фактор екендігінің негізі туралы тың тұжырымдар жасалған еді.

**Мен үшін бұл тақырып неге, өзекті деген сұраққа жауап беретін болсам,**

✓ Қазіргі заманғы Қазақстанның полиэтникалық, алуан мәдениетті мемлекетке айналуы көпмәдениеттілік құбылыс негіздерін ұғынуды, аталмыш үдерісті барынша толық тәжірибелік тұрғыдан сараптауды қажет ететіндігі.

✓ Бұл баяндама барысында көз жеткізгенім «көпмәдениеттілік» тақырыбына арналған ғылыми, теориялық зерттеулер әлемдік ғылыми кеңістікте жеткілікті болғанмен, Қазақстандағы көпмәдениеттілікті талдау, полиэтникалық мемлекет құрудың практикасы арасындағы қайшылықтарды женудің жолдарын анықтау мақсатқа жеткендікті мақтанышпен паш ету керектігін айқындады.

✓ Еліміздің мемлекеттік тұрақтылықты сақтаудың ішкі саясатта бірнеше ұстанымдары бар екені белгілі. *Олардың ішінде*, қоғамдық интеграция, ұлттық ынтымақтастық, полимәдени сұхбаттастық маңызды орын алады. *Бір сөзбен айтсам*, Көпмәдениеттілік – осы нәтижелерге жету құралы. Ұлттық бірігу мүддесін ұлғайтып келе жатқан этномәдени, этноұлттық саясаттағы беталыстармен үйлестіре алатын және қазіргі жаһандану заманына ыңғайластырылған концепция.

✓ Көпмәдениеттілік үдерістің ұлттық мәдениетімізге ықпалын жаңаша тұрғыда –

қоғам сұранысынан туған екендігін мойындауымыз керек. Ұсынылып отырған баяндама – өскелең дәуірдегі жаңа мәдени өріс талабына берілген жауаптың бір нұсқасы. Жаңа заман келбетіне өзінің тума мәдениет көзін сақтап қалушы халық қана ұлттық мәдениетінің ерекшеліктерін өркендету мақсатында – тұтастай ұлттық мәдениет кеңістігін қалыптастыруға, оның сан-алуандылығына серпін беру.

Жоғарыда ой негізінде Елбасы «*Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру*» атты бағдарлама негізіндегі ауқымды мақалада атап көрсетілген сана мен көкірек көз ашықтығы ашық қоғам ұстанымына сай келеді. Бұл ұлы құбылыс атауы әрине көпмәдениеттілік қоғамсыз жүзеге аспайтындығы сөзсіз. Сондықтан да, біздің еліміздің мәдени құрылымы көп жақты және әртүрлі мәдениеттер бірлесіп кеткендіктен, көпмәдениеттіліктің Қазақстандық келбетін ғылыми-теориялық тұрғыдан саралау–қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. *Көпмәдениеттілік* – жаһандану заманындағы ұлт өмірін, ұлтаралық қатынастарды мемлекет тұрғысынан барынша өркениеттендірудің және демократияландырудың басты шарасы.

*Нәтижесінде*, көпмәдениеттілік – ұлт және мемлекет саяси жүйесіндегі «**ең әмбебап әрі қолайлы ұстаным**» ретінде ұсынылып, бір мемлекет шеңберіндегі түрлі мәдениеттер өзара түсіністікте өміршендігін ұйымдастыруда өзгеше қайталама болмайтын тың серпіліс. Кейбір еңбектерде көпмәдениеттілікті «*мемлекетті өркениеттік құлдырауынан құтқаруы ықтимал руханияттық болуы мүмкін*», - екендігін де атап өтеді [2, 19 б.]. Бүгінгі таңда, қазіргі мемлекеттерді заманға сай «ашық» және «жабық» ортаға немесе қоғамға ажыратып, индустриалды немесе постиндустриалды деп саралау, социалистік немесе капиталистік жүйе ретінде жіктеу артқа ығыстырылды.

Мәдени зор секірістер өтпелі жағдайында өмір сүрумен байланысты яки, көпмәдениеттілік бүкіл адамзат атаулы үшін маңызды түйін әрі шешім. Ол өзгеріс атаулар кеңістік айналысын түсінуді, өмірдің мәні уақыт өте өзгертетін, біздің туған мәдениетке деген ойымызды қайта зерделеуде және басқа да мәдениеттермен байланысқа түсуге ықпал ететін өзгерістер. Мәдениетаралық сұхбат идеясы заманауи, өзгермелі қоғам әрі әлем үшін маңызды болып саналатыны белгілі.

Соңғы кезде айналамыздағы мәдениетаралық сұхбат мәселесі отандық ғалымдардың да ізденіс ортасында екендігі белгілі. Еуразиялық кеңістіктегі, **атап айтқанда**, еліміздегі мәдениет пен этносаралық түсіністіктің негізін талдау – әрқашан өзекті тақырып. *Оның негізгі түйіні*: отанымыздың бейбіт біртұтастығы – түрлі этнос өкілдерінің өзара жақсы түсіністік пен байланыста болуы зор әсер етуде.

**Сондықтан**, отандық ғалымдардың жаһандық-жаңашылдық аспектілер тұрғысынан жүргізілген зерттеулерінде айта кеткеніміз жөн. Біздің пікірімізге жақын келген әрине Ә.Н. Нысанбаевтың «*Қазақстан халқының рухани – құндылықтық әлемі*», К.Бұрханов пен С.Бөлекбаевтың «*Казахстанский путь в дилемме: Восток или Запад?*» және З.К. Шаукенованың «*Идеологическое конструирование в Республике Казахстан: вехи эволюции и траектории развития в контексте Стратегии «Казахстан–2050»*» айтулы еңбектері бар.

Қазіргі кезде көптеген саясаткерлер адамзат қоғамын азғындыққа апарған әлеуметтік кеселдерді анықтап, емдеу амалдарын қарастыруда. Байлыққа бөгіп, сән-салтанатқа оранған қоғамның іштей іріп-шіріп, құрдымға батып бара жатқанын аңғарып, одан шығудың тура жолдарын іздестіруде.

Г.Канарш өзінің еңбегінде көпмәдениеттілік қазіргі қоғамда ерекше әлеуметтік концепцияға ие екендігін айтады. Ол концепцияның маңыздылығы жылдам дамып өзгеріп отыратын қоғамда өзгерістерге дер кезінде көңіл аударып оған дұрыс, қолайлы жағдай қалыптастыратын жаңа теориялық концепция болуы [3].

**Яғни**, жаһандану саны біршама төмен ұлттарды, оның мәдениетін құртуға немесе

жұтып қоюға бағытталмауы тиіс әрі, ұлттық мәдениеттерді байыта түсуі міндетті. Бұл мәселелер еліміз Қазақстан жағдайында аса өткір де маңызды. Адамзат қоғамының даму бағыты – өркениеттік жол. *«Өркениет ол – байлық, дүние, жалған сыпайылық, тән құмарын қанағаттандыру әрі нәпсінің азғындалуы емес. Ол көңіл толысып, рухтың нәзіктігі, терең парасат пен өзгелерге деген құрметтен тұрады»* [4,26].

Қазіргі қоғамдағы демократиялық пікірталасқа кең орын берілген –*коммунистер мен фашистер, қарулану және қарусызданудың жақтастары, солишылдар және оң, ақ және қара* туралы көзқарастардың бәрін тыңдауға болады. **Бұл да астарлы толеранттылық.** Яки, БАҚ толассыз пікір сайыстарда мәнсіз сөзге де, терең ойға да бірдей құрмет көрсетіліп, ақылға қонымды пікір айтушы да, мағынасыз сөйлеуші де өзінің толымсыз пікірлерін тықпалап айтуға уақытын сарп етеді.

**Нәтижесінде** насихат – біліммен, жалған дүние – ақиқатпен көрші тұратыны да бар. Мәнді сөзбен қатар, ойсыз сандыраққа бірдей көрсетілетін таза толеранттылық – *«ешкім де: ешбір топ, ешбір адам ақиқатқа ешқашан жете де иесі де бола алмас, сонда, не дұрыс, не бұрыс немесе жақсы немесе жаман парқына жету қабілетті – санада емес»* деген демократиялық оймен түйінделеді.

**Яғни,** қоғамда кез-келген пікір «рас» деп қабылданады, ал «ақиқаттылық» «объективтілік» ретінде қарастырылады. *«Тоталитарлық құрылымға негізделген демократиялық қоғамда «объективтілік» мүлдем өзгеше қызметті орындайды: ақиқаттылық пен жалғанның, дұрыс пен бұрыстың, ақпаратпен тың дүниенің арасын бөле алмайтындай ұмытшақтылық ұстынымын қалыптастырады»,* - деп түсіндіреді Герберт Маркузе [5, 31 б.].

Бұндай үдерістер жалпы жаһандық сипат алып келе жатқандығы да жасырын емес, ал қазақстандық көпмәдениеттілік үлгі таза абсолютті табиғи-объективті үдерісте емес, бірақ саяси-әлеуметтік мәні бар, тарихи негіздері қалыптасқан бет алыс. Қазіргі таңдағы **«рухани жаңғыру»** аясында ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу мен көпмәдениеттілік үрдісті де одан әрі өркендету аса маңызды болып отыр. Ол үшін мынадай ең алғашқы көпірге тоқталатын болсақ:

*Тіл саясаты.* Қазақстан Республикасының тіл саясаты – мемлекетіміздің ұлт саясатының ажырамас бөлігі. Отандастарымыздың заманға сай қарқынмен деңгейі көтеріліп өзгерістерге толы өмірге біте қайнасуы үшін үш тілді болуы басты қажеттілікте.

Қазақстандық қауымдастықтың өркениеттік болашағы үшін экономикалық және саяси мәселелердің маңыздылығын жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, М. Сәбит атап өткендей, *«Язык – это воплощение духа народа, выразитель состояния его души, его внутренних душевных потенций, его состоятельности быть не только здесь и теперь, но и в далеком будущем»* [6,456.].

**Сонда,** төл қазақ тілін мемлекеттік мәртебеге жеткізудегі негізгі мақсат оның дүниетанымдық қызметін толымды ету, туған халқымыздың мәдени болашағына деген сенімді орнықтыру екендігін баса назарға алған жөн. **Әрине,** ұлтаралық қатынастардың мәдениетін бекіту жалпы тіл мәдениетін, адами қарым–қатынас мәдениетін орнатумен астасып жататындығына күмән келтіруге болмайды.

Көптілді меңгеру жүйесі – еліміз үшін ғана емес, бүкіл ғаламның болашағында тұрған айтулы мәселелердің бірі, **себебі,** жаһандандыру әрі киберкеңестікке шыққан дәуірде тілдерді меңгерген ұпайы түгел болады.

Көп тілді меңгеру яғни, **полилингвизм** – нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі - бір ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей білушілік адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасына немесе сан ғасырлы әрі сан жылдық тарих ізіне әлеуметтік- мәдени өмірін әрі тұрмыс-тіршілігі сабақтас болғандығына да

әсер етеді.

Тұңғыш Президентіміз Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халық Ассамблеясының 12-ші сессиясында: «Қазақстандықтардың болашақ саналы азаматтары кем дегенде үш тілді білуі тиіс әғни: қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілін еркін меңгерулері қажет» - деп атап айтқан еді [7].

Еуропадағы тәуелсіз ел болашақ тұлғалары студенттер бір-біріне өзге тілдерде әңгіме өрбітулері қалыпты орта мен жағдайға айналып бәсекеге қабілеттілікке айналатындығын атап өтті. Баса назарға алып **үш тілді еркін меңгеру** – заман ағымына сай келешек үшін туындаған кезек күттірмейтін түйінді мәселелердің бірі. Қоғамда адам қызмет көрсету ауқымында жаһандану кең тарап жатқандықтан, ғылым саласында ақпаратты–коммуникативтілікпен қатар өздеріңізге белгілі, **полимәдениеттілік білім беру** құзіреттілігінің басты салаларының бірі ретінде анықталып жатқаны белгілі.

Әлемдік сипатқа ие болған бұл үрдіс Қазақстанда да **ағылшын тілінің** әлеуметтік беделі мен мәртебесінің күрт өсуімен айрықшаланды. Бұл үрдістің күшеюі Қазақстанның ғаламдық экономикалық және шексіз ақпараттық кеңістіктерге интеграциялану деңгейіне тікелей байланысты болмақ.

**Қорыта айтқанда**, еліміз ҚР жалпыға міндет деңгейінде үш тілді еркін меңгерген, көптілді коммуникативтік құзырлылықтары әрі көпмәдениеттілік, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған тұлғалар тәрбиеленуде. Біз егеменді еліміздің жастары болашағымызға сенеміз. Отанымызда білімнің салтанат құрып дамуы әрі бұны біздің қолымызда екендігін мақтанышпен айтып, прогрессивтік кірпішін қалайтынымызды нық сеніммен айта аламыз.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

8. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. 2017, 12 сәуір [https://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy)
9. Еділбаева С.Ж. Білім беру: модерн және постмодерн кеңістігінде. – Алматы: «Қазақ университеті», 2016, 310 б.
10. Канарш Г.Ю. Мультикультурализм: социальная концепция и социальные практики // Культура и Общество, №1, 2011, С. 87-95
11. Алфи Х. Жеңімпаз Ерік: толғаныстар және тойтарыстар. Алматы: «Қазақ университеті», 2016, 558 б.
12. Герберт Маркузе. Репрессивная толерантность. – М.: Астрель, 2011, 356 с.
13. Сабит М. Философия языка и анализ языковой ситуации в Казахстане // Тіл –рухани құндылық. Язык –духовная ценность. Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2008, 212 б. –103–108 б.
14. Қазақстан президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан Халқы Ассамблеясының XXI сессиясында сөйлеген сөзі. 2014, 18 сәуір <https://assembly.kz/kk/session/aza-stan-prezidenti-n-nazarbaevty-aza-stan-khal-y-assambleyasyny-khkhi-sessiyasynda-s-ylegen-s-z-i>